

Дөңгелек үстелдің тақырыбы:

«Ұлтына ұран болған ұлы ақын»



**Қ.Тоқаевтың мақаласы «Абай және
XXI ғасырдағы Қазақстан»**



175



Мақала 5-бөлімнен тұрады

1

• **Ұлттық болмыстың үлгісі**

2

• **Мемлекет ісінің мүдделесі**

3

• **Жаңа қоғамның жанашыры**

4

• **Әлемдік мәдениеттің тұлғасы**

5

• **Торқалы тойдың тағылымы**



**Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма!**

1. Ұлттық болмыстың үлгісі

Абайды тану- адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдылық беруі- кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де-осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет.

Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру, ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі.



**Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?**

2. Мемлекет ісінің мүдделесі

Абайдың көзқарастары ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке - бірлігі үшін аса құнды. Хакім Абайдың ұстанымдары өркениетті мемлекет қағидаларымен үндеседі. Заң үстемдігі, биліктің ашықтығы мен халық алдында есеп беруі жоғары деңгейде болып, мемлекет ісіне азаматтық қоғам өкілдері белсене араласқан жағдайда ғана әділеттілік берік орнығады.



Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

3. Жаңа қоғамның жанашыры

Абайды өз заманындағы іскерліктің ұйытқысы, еңбекқорлықтың мотиваторы деуге болады. Ұлы ойшыл шығармаларында кәсіптен нәсіп тапқандарды, шаруақорлыққа үйрену дағдыларын үлгі етеді. Мысалы, өзінің оныншы қара сөзінде «Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?», деп тұжырым жасайды. Ұлы ақынның бұл ойлары бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін де өзекті деп санаймын.



**Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.**

4. Әлемдік мәдениеттің тұлғасы

Ғұлама Абай- қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Сондықтан да Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттауымыз керек. Өркениетті елдер қазақтың болмыс-бітімін, мәдениеті мен әдебиетін, рухани өресін әлемдік деңгейдегі біртуар перзенттерінің дәрежесімен, танымдылығымен бағалайтынын ұмытпайық. Сол үшін Абайды жаңа Қазақстанның брендті ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл-бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы.



Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап

5. Торқалы тойдың тағылымы

Аталмыш бұл бөлімінде президент Абайдың сөзін, ойын айта келе, бұл тойды біз жай өткіншек той ретінде емес өте бір маңызды шара ретінде қарауымыз керектігін айтады. «Келер ұрпақ Абайдың сара жолын жалғауға тиіс. Бұл- ұлы ақын арманының орындалуы. Сондықтан біз Абайдың ойынан да, тойынан да тағылым алуға тиіспіз».



Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төрті
Алланы танытуға сөз айырмас.

Абай - өлең, Абай - пыр, Абай - қаспан,

Ұлы Абайдай ұлын бар, қазақ мақтан.

Ұрпақтан-ұрпаққа пәшін пашыр

Абай пырлары қаймағы бұзылмаспан




Қорытынды



«Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз. Абай арманы- халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді»

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ
ҚАСЫМ – ЖОМАРТ ТОҚАЕВ



ҰСЫНЫС

